

Қазақстан Республикасының Жер мониторингі туралы Ережесін бекіту жайында

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 30 қыркүйек N 979. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.09.17 . N 1347 қаулысымен. ~P971347

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жер мониторингі туралы қоса беріліп отырған
Е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1993-1995 жылдар ішінде:

жер мониторингін және мемлекеттік жер кадастрын жүргізу үшін жерге орналастыру қызметінің құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ республиканың басқа да министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволары атқарған аэрокосмостық суретке түсіру, топографиялық топырақ геоботаникалық және басқа картографиялық материалдардың, іздестірулер мен тексерулердің жарамдылық дәрежесін айқындау жөніндегі қажетті жұмыстарды жүзеге а с ы р с ы н ;

мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың қатысуымен стационарлық учаскелердің, полигондардың, топырақ құнарлылығын және жердің ластануын зерттеу жөніндегі станцияларының қазіргі ведомстволық желілерін түгендеуді жүргізсін және оның нәтижесін ескере отырып жер мониторингін жүргізу үшін желіні одан әрі дамытуды а й қ ы н д а с ы н ;

жер мониторингінің нәтижелерін қорыту мен талдаудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесін ұйымдастыру жөніндегі республикалық бағдарламаны әзірлеп, өндіріске енгізетін болсын.

3. өздерінде жер қорының жай-күйі туралы, оның ішінде жердің қауіпті уытты заттармен ластануы туралы материалдары бар министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар олардың көшірмесін жыл сайынғы есептерге және Жер мониторингі мен мемлекеттік жер кадастры жөніндегі мемлекеттік /ұлттық/ баяндамаға енгізу үшін Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне тегін табыс етеді деп б е л г і л е н с і н .

4. Топырақты зерттеу ісін жүргізуде, жер мониторингі мен жер қыртысының сапасын бағалап көрсету мәліметтерінің дұрыстығын қамтамасыз етуде

қосарластыққа жол бермеу мақсатында:

Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетіне топырақ, топырақ-тұз құрамын топырақ-эрозиялық, топырақ-агрохимиялық, топырақ-геохимиялық, топырақ-мелиорациялық, геоботаникалық іздестірулер мен тексерулердің бірыңғай мемлекеттік есебін жүргізу, сондай-ақ республикада олардың жүргізілуіне бақылау жасау жүктелсін;

мүдделі министрліктерге, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволарға Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетін табиғи орта мониторингтерін жүргізу жөніндегі жұмыстардың жай-күйі туралы қажетті хабарламалармен қамтамасыз ету және онымен топырақ, топырақ-тұз, топырақ-эрозиялық, топырақ-агрохимиялық, топырақ-геохимиялық, топырақ-мелиорациялық, геоботаникалық іздестірулер мен тексерулерді келісу жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы, мүдделі министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволарға жер мониторингін ұйымдастыру мен жүргізуде Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне ғылыми-әдістемелік және практикалық көмек көрсету ұсынылсын.

6. Жер мониторингі желісін қарау және бекіту, оны жүргізудің құралдары мен әдістерін жетілдіру, жер құнарлылығының динамикасы жөніндегі мәліметтердің хабарлама банкін жасау сондай-ақ бірқатар министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар жүргізетін жер мониторингі жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру үшін Қазақстан Республикасының жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті жанынан Қазақстан Республикасының жер мониторингі жөніндегі Ведомствоаралық үйлестіру кеңесі құрылсын.

Кеңестің адам құрамын және ол туралы Ережені мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және ведомстволармен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті бекітеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 30 қыркүйектегі
N 979 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының жер мониторингі туралы
Е Р Е Ж Е

I. Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Жер мониторингі жерде болып жатқан өзгерістерді дер кезінде анықтау, оларға баға беру, табиғи келеңсіз және антропогендік процестердің немесе төтенше ахуалдың алдын алу және оларды жою үшін жер қорының сапалық және сандық жай-күйін жедел, ұдайы, болжамды және базалық /негіз болатын/ бақылау жүйесі болып табылады.

2. Жер мониторингі -айналадағы табиғи орта жай-күйінің мониторингі және сонымен бір мезгілде басқа да табиғи ортаның мониторингтерін жүргізудің базасы болып табылады.

3. Құқылық режимге, ведомстволық бағыныстылығына, пайдалану мерзіміне, мақсатты арналуына және пайдалану сипатына қарамастан Қазақстан Республикасының барлық жері жер мониторингінің объектісі болып табылады.

4. Қазақстан Республикасы халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламаларға сәйкес ғалымдық жер мониторингінің жұмысына қатыса алады.

5. Жер мониторингін жүргізген кезде жердің сапалық жай-күйіне ықпал ететін мынадай процестер айқындалады.

- эволюциялық /дамудың табиғи-тарихи процестеріне байланысты/;
- циклдік /табиғи сипаттың тәуліктік, маусымдық, жылдық және өзге уақыт кезеңдерінің өзгерістеріне байланысты/;
- антропогендік /адам қызметіне байланысты/;
- төтенше жағдай /аварияға, апатқа, стихиялық және экологиялық қасіретке және басқаларға байланысты/.

6. Бақылаулардың, іздестірулердің, түсірілімдердің, тексерулердің, түгендеулердің нәтижелері, жерді пайдалану мен сақтауға мемлекеттік бақылаудың материалдары, архив мәліметтері, жердің сапалық жай-күйі туралы басқа да мәліметтер жер мониторингі үшін ақпарат көзі болып табылады.

II. Жер мониторингінің міндеттері

7. Қазақстан Республикасы жер мониторингінің негізгі міндеттері мыналар:

- жер қоры жай-күйінің өзгерістерін дер кезінде анықтау, өзгерістердің бағыты мен интенсивтілігіне баға беру, сондай-ақ олардың одан әрі дамуының б о л ж а м ы ;

- келеңсіз процестердің алдын алу және оларды жою жөніндегі ұсыныстарды ә з і р л е у ;

- мемлекеттік жер кадастрын, басқа да табиғи орта кадастрлары мен мониторингтерін, жерді ұтымды иелену мен пайдалануды, жерді пайдалану мен қорғауға бақылауды ақпаратпен қамтамасыз ету.

III. Жер мониторингінің құрылымы

8. Жер мониторингінің құрылымы жердің негізгі мақсатты арналуымен және аумақты қамтуымен айқындалады.

9. Мониторинг жердің мақсатты арналуының ерекшеліктері ескеріле

отырып жүргізіледі және жер категорияларына сай келетін шағын жүйелерге бөлінеді:

ауыл шаруашылық мақсаттағы жер мониторингі;

елді мекендердің /қалалардың, жұмысшы поселкелері мен селолық елді мекендердің/ жер мониторингі;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге мақсатқа арналған жерлер мониторингі;

табиғат қорғау, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсатқа арналған жер мониторингі;

орман қорының жер мониторингі;

су қорының жер мониторингі;

қорға арналған жер мониторингі;

10. Аумақтық қамтуға қарай республикалық, аймақтық және жергілікті жер мониторингі жүзеге асырылады.

Республикалық мониторинг Қазақстан Республикасының бүкіл аумағын қамтиды.

Аймақтық мониторинг физика-географиялық, әкімшілік, экономикалық және өзге шекаралармен шектелген аумақты қамтиды.

Жергілікті мониторинг аймақтық деңгейден төмен аумақтық

объектілерде, жеке жер иелену және жер пайдалану, стационарлық негізгі учаскелері және ландшафтық-экологиялық кешендердің қарапайым

құрылымдары аумағына дейін жүргізіледі.

IV. Жер мониторингінің мазмұны

11. Жер қорының жай-күйін жүйелі түрде бақылау /түсірілім, іздестіру, тексеру/, өзгерістерді анықтау, баға беру және болжау жер мониторингінің м а з м ұ н ы н қ ұ р а й д ы :

жер иеленудің, жер пайдаланудың, жер алаптарының, алқаптардың, учаскелердің, топырақ және геоботаникалық нұсқалар мен олардың ш е к а р л а р ы н ы ң ж а й - к ү й і ;

топырақ құнарлылығының өзгеруіне /жердің қуаңдануы, су және жел эрозиясының күшеюі, қарашірік құрамының және қоректік элементтердің жоғалуы немесе ұлғаюы, топырақ құрылымының бүлінуі немесе жақсаруы, тұздануы, кебіртектенуі, батпақтануы, шектен тыс дымқылдануы және су жайылуы немесе бұл факторларды жою/, топырақтың пестицидтермен, ауыр металдармен, радионуклидтермен және басқа уытты заттармен, өнеркәсіптік, тұрмыстық және өзге қалдықтармен ластануына, топырақтың басқа қасиеттерінің нашарлауына немесе жақсаруына байланысты процестер;

малға табиғи азықтық алқаптың өсімдік шығымы жай-күйінің /түрлер құрамының, құрылымы мен түсімділігінің, өсімдік сапасының, өндірістік потенциалының, химизмі мен жұғымдылығының өзгеруі нашарлау мен қалпына келу жылдамдығының, уытты химиялық элементтер мен радионуклидтердің жинақталу деңгейінің, сондай-ақ олардың антропогендік ауыртпалыққа төтеп беру дәрежесінің өзгеруіне байланысты процестер;

өзендер, теңіздер, көлдер, бұғаздар, су қоймалары, жайылмалар, гидротехникалық құрылыстар жағалауының жай-күйі;

жыралардың, көшкіндердің, көл тасқынының, жер сілкінісінің, тау жыныстарының бұзылуы, криогендік және басқа құбылыстардың пайда болуынан т у ы н д а ғ а н п р о ц е с т е р ;

елді мекендер жерінің, мұнай-газ өндіру орындарының, тазартқыш құрылыстарының, қи сақтайтын, қоқыс жинайтын жерлердің, жанар-жағар май, тыңайтқыш қоймаларының, автокөлік тұрақтарының, уытты өнеркәсіп қалдықтары мен радиоактивтік материалдарды көметін орынның, сондай-ақ басқа да өнеркәсіп, объектілерінің жай-күйі.

12. Жер мониторингі:

бақылауды, іздестірулерді, түсірілімдерді, тексерулерді /қайта тексеру мен т ү з е т у л е р / о р ы н д а у ;

жердің жай-күйіне талдау жасау мен баға беру ісін жүргізу; жердің құнарлылығына антропогендік ықпал етуді реттеу жөніндегі

ұсыныстарды

әзірлеу;

белгілі бір кезеңде жердің сапалық жағдайын болжамдаудың жай-күйі жөніндегі жұмыстарды қамтиды.

13. Жердің жай-күйіне баға беру бірқатар дәйекті /ұдайы маусымдық, тәуліктік/ бақылауларға, өзгерістердің бағыты мен интенсивтілігіне талдау жасау және алынған көрсеткіштерді қалыптық көрсеткіштермен салыстыру жолымен орындалады.

Жердің жай-күйінің көрсеткіштері белгілі бір кезеңде немесе мерзімге жатқызылатын абсолютті де, салыстырмалы да маңызынан көрінеді.

14. Жердің жай-күйін бағалау нәтижелері бойынша әсіресе келеңсіз сипаттағы өзгерістердің динамикасын, бағыты мен интенсивтілігін сипаттайтын тақырыптық карталар, диаграммалар мен кестелер қоса тіркеліп, жедел мәліметтер, баяндамалар, ұсыныстар мен ғылыми болжамдар жасалады.

V. Жер мониторингін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі

15. Аудандарда, республикалық бағыныстағы қалаларда және облыстарда жер мониторингін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14 және 15-бабында көрсетілген тиісті атқарушы органдарға жүктелген.

16. Жер мониторингін жүргізуді Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеттің мәселелері" 1992 жылғы 22 сәуірдегі N 368 /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992ж., N 16, 261-бап/ және "Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның жергілікті органдары туралы Ережені бекіту жайында" 1992 жылғы 2 қазандағы N 819 /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 38, 572-бап/ қаулыларына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және биологиялық ресурстар министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің, Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу жөніндегі министрлігінің, Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі Бас басқармасы, басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті жүзеге асырады.

Аталған министрліктер мен ведомстволардың қызметін ұйымдастыру мен үйлестіруді, жер мониторингінің мәліметтерін қорытуды Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі

мемлекеттік комитеті жүзеге асырады.

17. Жер мониторингі мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың қатысуымен Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті әзірлеген бірыңғай әдістеме және бағдарлама бойынша жүргізіледі, олар жердің жай-күйін жедел және жүйелі бақылау, іздестірулер, тексерулер немесе картаға түсіру жөніндегі жұмыстармен байланыстылардың бәрі үшін міндетті болып табылады.

18. Бағыныстылығына және меншік нысандарына қарамастан жерді тақырыптық картаға түсіруді және оның жай-күйін бақылауды жүзеге асыратын кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, кооперативтер мен азаматтар аталған жұмыстар бойынша материалдардың көшірмесін осы Ереженің 27 және 28-тармағына сәйкес жердің сандық және сапалық жай-күйі туралы мәліметті жер мониторингі мен мемлекеттік жер кадастры жөніндегі баяндамаға /есепке/ енгізу үшін тиісті жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитетке тегін б е р е д і .

19. Жер мониторингі бірыңғай классификаторларды, кодтарды, бірліктер жүйесін, мәліметтердің стандартты форматын және қалыптық-техникалық базаны, координаттар мен биіктіктердің мемлекеттік жүйесін қолдануға негізделген әр алуан мәліметтердің сыйысу принципін сақтау арқылы жүргізіледі .

20. Жер мониторингін техникалық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеттің жергілікті органдарындағы ақпаратты жинақтау, қорыту, талдау және сақтау қосындары бар және Қазақстан Республикасы табиғи орта мониторингінің басқа да автоматтандырылған жүйелерімен бірлесетін автоматтандырылған ақпарат жүйесі жүзеге асырылады.

21. Қажетті ақпарат алу үшін жер мониторингінде:
аралық арқылы барлап білу /әуедегі де, жердегі де тірекке орналастырған осы заманғы фототехникалық, радиоэлектрондық құралдар көмегімен ғарыштан суретке түсіру және бақылау/;
жерден бақылау, іздестіру, зерттеу, тексеру /қайта тексеру немесе түзету/
және суретке түсіру;
архив /қор/ мәліметтері қолданылады.

22. Ғарыштық тіректен суретке түсіру мен бақылау республикалық және аймақтық деңгейде жер жағдайының сипаттамасын алу үшін жасалады.

Әуедегі тірекке орнатылған аппаратураның көмегімен суретке түсіру және бақылау жер мониторингінің жергілікті деңгейі үшін жүргізіледі.

Жерден бақылау, іздестіру, тексеру және суретке түсіру стационарлық /үлгі етіп алынатын/ жер учаскелерін, полигондарды, маршруттарды, профильдерді,

стационарлық және көшпелі лабораторияларды пайдалану арқылы жердің барлық категориялары бойынша жүргізіледі.

23. Бұл жұмыстарды жүргізудің мерзіміне және кезеңдеріне байланысты жердің жай-күйін бақылаудың мынадай:

базалық /жер мониторингін жүргізу басталған кезде бақылау объектісінің жай-күйін негізге алатын, белгілейтін/;

жедел /ағымдағы өзгерістерді белгілейтін/;

кезеңдік /бір жыл және одан да көп аралықта/ топтары жүзеге асырылады.

24. Жер алаптарының, алқаптардың, учаскелердің жай-күйін тікелей бақылау кезінде алынған алғашқы мәліметтер аудандар, қалалар, облыстар бойынша және тұтас алғанда Қазақстан Республикасы бойынша, сондай-ақ жекелеген табиғи кешендер бойынша қорытылады.

25. Жер қорының жай-күйіне берілген бағаның нәтижесі бойынша облыстардың және республикалық бағыныстағы қалалардың жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттері белгілі бір кезеңге жер мониторингі жөніндегі ұсыныстарды жинақтап, қорытады және Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне жібереді.

Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың қатысуымен алынған ұсыныстарды қорытып, әзірлейді және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне белгілі кезеңге жер мониторингінің республикалық бағдарламасын табыс етеді және жыл сайын, 1 қыркүйектен кешіктірмей, келіп түскен ұсыныстарды ескеріп отырып, оны нақтылайды.

26. Базалық және кезеңдік жер мониторингін облыстарда және республикалық бағыныстағы қалаларда тиісті жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитет жүргізеді.

Жедел /кезектегі/ жер мониторингін аудандық және қалалық жер қатынастары және орналастыру жөніндегі комитеттер базалық және кезеңдік мониторингтер мәліметтерін пайдалана отырып жүргізеді.

Жер мониторингі жөнінде алынған нәтижелер архивтерде /қорларда/ және автоматтандырылған ақпарат жүйесі мәліметтерінің банкінде жинақталады.

27. Облыстардың және республикалық бағыныстағы қалалардың жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі комитеттері жыл сайын, 20 ақпаннан кешіктірмей, тиісті атқарушы органдарға және Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне аймақтағы жердің жай-күйі туралы баяндаманы /есепті/ табыс етеді, ал ерекше қауіпті процестер анықталған жағдайда жедел мәліметтер

б е р е д і .

28. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті алынған аймақтық жер мониторингі мен мемлекеттік жер кадастрының материалдарын қорытып, оған талдау жасайды және жыл сайын, 20 наурыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне, Экономика министрлігіне, Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасындағы жердің жай-күйі және оны пайдалану туралы мемлекеттік /ұлттық/ баяндаманы табыс етеді.

29. Мемлекеттік басқару органдары, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, азаматтар, халықаралық ұйымдар мен шетелдік заңды ұйымдар және адамдар жер мониторингі туралы мәліметтерді белгіленген тәртіппен пайдаланады.

30. Жер мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстар республика бюджеті есебінен жүзеге асырылады.

Жер мониторингі жөніндегі мемлекетаралық және халықаралық бағдарламаларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен жасасқан келісімдер, шарттар белгілеген тәртіпте және жағдайларда жүзеге асырылады.